

«ИСА - ДОСАН» КӨТЕРІЛІСІНІҢ 140 ЖЫЛДЫҒЫНА

ЕДІЛХАН А.М.

*«Нұр-Отан» халықтық демократиялық партиясының Маңғыстау
облыстық филиалының төрағасының орынбасары*

Маңғыстаудағы көтеріліс тұсында патшалық Ресейдің баспасөзінде ерекше назарға ие болған оқиға болды. Айтпай жауып тастауға болмайтын еді, себебі ол кез XIX ғасырдың аяқ жағына таман болса да Европалық мәдениеттің демократиялық жариялылыққа қайтпастай бет бұрған уақыты болатын, ал Ресей болса елімізде европалық өркениет бар, біз де европалықтармыз деп ұмтылып жүрген. Көтерілісті сол кезеңнің либералды – оппозициялық бағытындағы «Биржевые Ведомости» газеті, халық арасында кең тарайтын «Русская мысль», «Голос», «Оренбургские Губернские Ведомости», «Современная летопись», «Русский Инвалид», «Донские Войсковые Ведомости», «Уральские Войсковые Ведомости», «Русская старина», «Неделя», «Исторический Вестник», «Военный Сборник», «Туркестанские Ведомости» т. с. с. газет – журналдар шама – шарықтарына, онда да үкімет рұқсат еткен деңгейде, талқылады(1). Сіздерге ұсынылып отырған мақаланың мақсаты – сол тұстағы ресейлік және батыстық қоғамдық пікірде оң бағасын алған төрт еңбекке тарихнамалық талдау жасау.

Ең біріншісі – Орыс Императорлық География Қоғамы Тифлисте шығаратын «Сведения о Кавказских горцах» жинағының 1872 жылғы VII басылымындағы осы Қоғамның көрнекті мүшесі И. Линевицтің көлемді де нақты фактілерге жүгінген еңбегі (2). Ғалым Маңғыстау көтерілісін Ресей мемлекетіне келген апат деп бағалайды: «В следующем месяце совершилась катастрофа».

Еңбек қазақ мемлекеттігі жойылып, ел билігі патша үкіметінің тікелей басқаруына қалай көшкендігін талдаудан басталады. Ғалымның пайымдауынша бұл үрдіс 1820 жылы хандық дәреженің жойылуынан, қырғыздарды басқаратын орталық орган – шекара комиссиясының құрылуынан және орынбор қырғыздарының 3 бөлімге бөлініп, оларға бастық болып шекара комиссиясына бағынышты сұлтан – правителдер тағайындалуынан басталған. Сұлтан – правителдің атқарушы органы болып сардарлар белгіленгенін хабарлай келе ғалым соңғыларын да үкімет тағайындағанын, мұны бұрынғы рулық басқару жүйесін жою үшін істегенін айтады. Алайда Маңғыстауды басқаруда бұл құрылым күткен нәтиже бермеген. Істің өнбеуіне байланысты 1858 жылы сұлтан – правитель

ставкасын Маңғыстауға жақын Есенбердіге (Жем бойы) көшіруге мәжбүр болған.

1859 жылы шекара комиссиясы Орынбор қырғыздарының облыстық басқармасымен ауыстырылған. Облыс бірнеше уездерге бөлінген. Облыстық басқарманың міндетіне әкімшілік етумен қатар соттық құзірет жүктелген, бұл бағыт, ғалымның пікірінше, жаңа қиыншылықтарға әкеліп соқтырған. Бұдан кейін Маңғыстауды басқаруды жетілдіру мақсатында уездің орынына уақытша айырықша құқ берілген Форт – Александровск приставствосын ашқан. Одан соң Форт – Александровск комендантының міндетін кеңейтіп қараған және қосымша жылына 200 сом еңбекақымен қырғыздардың бастығы деген қызмет орынын да ашқан. Бұл қызметті 1866 жылы дистанция бастығы лауазымымен ауыстырған, ал бір – екі жылдан кейін осы дистанцияны екіге бөліп, екеуіне екі бастық тағайындаған.

И. Линевич осы еңбегінде қазақтың көне сот жүйесі – билікке жоғары баға береді. Айта кету қажет, автор қазақтың билік жүйесі жөнінде ғылыми талдау жасаған алғашқы ғалымдардың қатарынан табылады. Оның пікірінше, бұл жүйе ғасырлар бойы қалыптасқан, елдің ел болып тұруында өз міндетін атқарып отырған, мейлінше оңтайлы және адам таңқаларлықтай нәтижелі, ең бастысы орыстың басқару жүйесіне ешқандай зиянсыз құрылым болатын. Ғалым өлкеге жаңа сот жүйесінің тек қана зиян әкелгенін ғылыми деңгейде нақты дәлелдермен талдап көрсеткен.

Әрі қарай еңбекте Маңғыстауды қырғыз өлкесінен бөліп алып, маңғыстаулықтарды Кавказ тауы халықтарын басқару әдісімен бағындыруға күш салынғаны айтылады. Аса жоғары ұйғарыммен Маңғыстау 1870 жылдың 2 ақпанында Кавказ басқармасына қаратылады. «Келесі айда апат болды», – дейді ғалым.

Еңбектің соңында Дағыстан облысының бастығы генерал – адъютант князь Меликовтың Маңғыстауды басқару үшін негізінен Кавказ өлкесін басқарудың әскери – халықтық жүйесін енгізуді қолайлы деп шешкені хабарланады. Оның Императорлық Аса Жоғары Мәртебесі, Кавказ Армиясы Бас Қолбасшысының Бұйрығына сәйкес мыналар атқарылатын болады: 1- Маңғыстау приставствосының негізінде Дағыстан өлкесіндегідей Маңғыстау бөлімін ұйымдастыру; 2- Маңғыстау бөлімін 4 наибствоға бөлу; 3- наибстволарға бөлінген қырғыздарда бұрынғы ру – тайпалық құрылымды сақтау; 4- бөлім жанынан тұрғындар ішінен тікелей сайланған 8 биден құралған халық сотын ашу; 5- Дағыстан тұрақты милициясы сияқты жергіліктілерден айрықша команда құру.

Өз тұсындағы көрнекті ғалым И. Линевич еңбегін: «Мұның бәрі халықты да, халық жайлаған өлкені де білмеушіліктен әрі түсінбеушіліктен туған қателіктерді қайталамау үшін істеліп жатыр» деген сөздермен аяқтайды.

Көтеріліске арналған шығармалардың ішінде 1891 жылы «Русская мысль» газетінде жарияланған Олег Иванович Середаның «Орынбор өлкесіндегі толқулар тарихынан» атты очеркі бар (3). Автордың хабарлауынша арнайы комиссия 1868 жылдың аяғына таман қырғыздарды басқарудың жаңа Ережесін дайындаған, бұл жоба сол жылғы 21 қазанда Аса Жоғары Мәртебелімен бекітілген. Жаңа Ережеге сәйкес бұрынғы Орынбор, Сібір қырғыздары және Семей облыстарының, сонымен бірге Орал және Сібір казак әскерінің жерлері негізінде 4 облыс – Орал, Торғай, Ақмола және Семей құрылатын болған. Ереже 1869 жылдың 1 қаңтарынан тәжірибе ретінде екі жылға енгізілетін болып белгіленген.

Торғай облысында Торғай және Ырғыз уездері, Орал облысында Калмыков, Гурьев, Орал уездері құрылып, осы облысқа Ембі уезі және Маңғыстау приставствосы қаратылған. Бірақ жағдайдың күрделілігіне байланысты осы соңғы екеуінде қырғыздарды басқару және алым – салық жинау тәртіптерін әзірге өзгертпеу, Ережені мұқият, асықпай, ел ішіне арнайы комиссия жіберіп, зерттеу жүргізгеннен кейін кезең – кезеңге бөліп енгізу ұсынылған. Осы фактілер негізінде автор өкіметтің қадамдары ойластырылған, әрекеттері нақты жоспарланған еді деп ақталып отыр.

Әрі қарай мақалада әлгі аталған арнайы комиссияның жұмысынан хабардар етіледі. Арнайы ұйымдастыру комиссиясының төрағасы I – рангілі капитан Тверитинов Ембі уезі шекарасынан 5 шақырым қашықтықтағы таздардың үш ауылын ұйымдастырады, әрі қарай Тентек сор мен Сағызда қыстап отырған ысықтың ораз бөліміне, одан кейін Есенбердідегі адай, табынға, одан Жемнің сағасындағы шеркештің қаракемпір бөліміне баруды жоспарлайды. Бірақ аялдап, мәліметтер жинау үшін әрі Ережені түсіндіре бастау үшін сол маңдағы барлық старшиналарды жинайды. Жиналыстың аяғында адай старшинасы Магомет Ислямов (тексте осылай. Авторлар.) сөз алып, оның жерінде 200 – ге жуық маңғыстаулық адайлар қыстап отырғанын, оларға билігінің жүрмейтінін, жалпы Тверитиновтың мұның ауылдарына келмегенінің дұрыс болатындығын айтады. Қыстың іші, комиссияны орналастыратын жағдай да жоқ, түсінік қажет болса өзіміз хабарласармыз деп, Тверитиновті келісуге мәжбүрлейді.

Өртесіне, 21 қаңтар күні (1869 ж.) Тентек пен Сағыздағы ысықтардың биі келіп, олар да Ереженің енгізілуін жеті күнге кідірте тұруды сұрайды, жалпы адайларға берілген артықшылықтардың оларға да қажет екендігін білдіреді. Осы жерде О. Середаның ерекшеліктер жөнінде қысқаша түсінік береді

(сол кезеңдегі колониалдық үкіметтің баспасөз тілінен мағлұмат беру мақсатында аудармасыз ұсынып отырмыз. Авторлар.): «Адаевский род искони отличался особою дикостью нрава и своеволием, и поэтому с ним всегда начальники старались поступать осторожно и делали уступки, чтобы не раздражать их без особенной надобности».

Соның арасында, сағат 3-жарымда, комиссия орналасқан ауылдың маңына найза, қылыш, балтамен қаруланған төрт жүзге тарта аттылы адамдар жиналады. Қарулы топ Косумбай Тавасаровты (уез бастығының кіші көмекшісі) шығарып беруді талап етеді, әйтпесе бәрін бауыздап тастайтынын хабарлайды. Бұлар Тавасаровты тығып тастап, ол көрші ауылға кетті деп алдаусыратады. Енді шайка (тексте осылай. Авторлар.) жаңа талап қоя бастады дейді О. Серода: «Не хотим Нового Положения; не желаем иметь русских начальников, а просим оставить прежних султанов и старую подать».

Мақалада көтерілістен жыл бұрын жағдайдың қандай дәрежеде шиеленісе бастағаны айқын көрінеді.

«Русская старина» газетінің 1894 жылғы шілде айындағы нөмірлерінде П. Юдиннің «Адаевский бунт на полуострове Мангышлак в 1870 году» атты еңбегі жарияланды (4). Автор оқиғадан кейін ширек ғасыр уақыт өткенін пайдаланып, кең талдау жасауға ұмтылған. Сонымен бірге ол патша үкіметінің колониалдық саясатына сын көзбен қарамаған, өз тұсындағы қоғамының өзге халықтарға астамшылықпен қарау үрдісінен арыла алмаған, орыс әскерінің қимылдарын суреттеуде әсіре патриотизмге ұрынатын жерлері де баршылық.

Еңбек Маңғыстау өлкесінің тарихына шолудан басталады. Әбілқайыр кезеңінен бастап аймақта қазақ хандығының орнағаны, Маңғыстауды ұзақ жылдар бойы Бопай ханымның немересі Пірәлі хан билегендігі айтылады. Өлкеде орыс билігінің таралу жолдары көрсетіледі, бекіністердің салынуы сөз болады. Жергілікті тұрғындарға төмен баға беріледі: «Адаевцы – это был такой народ, который не признавал над собой никакой власти. Живя особняком от прочих киргизских родов и не соединяясь с ними даже узами родства, эти воинственные сыны степи, любившие пожить на чужой счет и поживится чужим добром, не только грабили русских, но нападали и на киргиз, и на хивинцев, и на туркмен и текинцев». Бірақ жылқысын мақтайды: «Лошади адаевской орды считаются самими лучшими из породы киргизской. Они высоки, стройны, легки и выносливы».

Автор штабс-капитан Зелениннің (көтеріліс кезінде Форт-Александровскінің коменданты) 1863 жылы елу адам жайық казактарынан тұратын отрядты бастап Орынбордан Есенбердідегі сұлтан-правителдің

ставкасына баратын жорығы суреттеледі. Отряд Утень – Октау (тексте осылай. Авторлар.) деген рубасы бастаған топтан көп қорлық көріп, Домбаяқ құдығының басында енді қырылдық қой деп отырғанда үстерінен Бәйменбет би шығып, ара түсіп, аман алып қалады. Бұл Зелениннің адайлармен алғашқы кездесуі болатын.

П. Юдин көтерілістің басталу себебін Орал әскери губернаторы генерал Веревкиннің екі сөзділігінен көреді. Губернатор осының алдында екі дистанцияның да басшыларын шақырып алып, 1869 жылы салық өспейтіндігін айтқан. Бірақ, подполковник Рукинге Маңғыстау приставы болып тағайындау кезінде тұрғындардан 1869 жыл үшін 3 сом 50 тиын түтін салығын жинауды тапсырған. Мұндай екіжүзділікті маңғыстаулықтар кешірмеген. Автор Рукинді де кіналайды: ол шын жағдайды талдамай, маңғыстаулықтармен терең танысып – біліспей, бірден елге шығып Ережені енгізуге кірісіп кеткен.

Еңбекте әрі қарай Рукин отрядының көтерілісшілермен кездесуі, алғашқы ұрыс, әскерилердің қырылуы сол кезде патша үкіметі рұқсат еткен суреттеудің ізінде қайталанатын. Мысалы, мақалада Рукин өзін – өзі атып өлтіреді, ал маңғыстаулық көзі көргендер кезінде подполковникті Иса қылышпен шауып түсірді деп куәлік берген.

Автордың көрсетуіне қарағанда көтерілісшілер 25 наурыз күнгі қырғыннан кейін теңіз жағасындағы балықшыларға тиіскен. Әжібабадағы ватагадан бастап Фортқа дейінгі барлық балықшы мекендері талқандалған. Мұны көтерілісшілер әдейі, Кетікке көмекке бармасын деп істеді, бірақ оған біраз уақыт кетті, сөйтіп Форт қорғанысқа дайындалып үлгерді дейді зерттеуші. Мақалада Форттың қорғанысы өте мұқият, болған жайға негізделе отырып суреттелген. Кавказдан көмекке майор Архангельскийдің басқаруымен қос алысқа ататын зеңбіріктермен күшейтілген екі жаяу әскер ротасы келгені, оған қоса граф К – ның басқаруымен екі атқыштар ротасының және 140 дағыстандықтардың да жеткені, олардың Форт төңірегіндегі әскери қимылдары әңгімеленеді. Маңғыстаулықтарға баға да беріледі, мысалы: « – Ну, как Вам понравились наши адаевцы? – между прочим спросил Зеленин графа, который по приезде в Форт с Кавказа выразился, что для такой дряни, как адаевцы, совестно пашки вынимать.

– Да, черт возьми, – промолвил граф, – это хоть дагестанцам впору с ними состязаться. – Народ дикий, отчаянный.

Во время нападения, киргизы отбили у графа вьючную лошадь, на которой в чемодане были все его вещи: бумаги, деньги, портрет его жены, а из рук у него выдернули двухствольную винтовку».

Белгілі әскери тарихшы, Кавказ армиясы Бас штабының бастығы, генерал – лейтенант Василий Александрович Потто «Гибель отряда Рукина в 1870 году» деген еңбек жазып, оны 1900 жылдың шілдесінде «Исторический Вестник» газетінде жариялады (5). Бұл еңбек те көтеріліс алдындағы жағдайды талдаудан басталады. Сол кезеңде бұрынғы хан тұқымы, сұлтандардың биліктен айырылып, іштей қатты наразы жүргендіктері ашылады, мұнымен қатар билердің, басқа да рубасы, дінбасылардың ықпалдарының әлсірегеніне ызалы екендігі айтылады. Қарапайым халық та ашулы еді дейді, себебі олардың өміріне тікелей қатысты барлық мәселелер канцеляриялық құпия жағдайында шешілуші еді дейді зерттеуші. Мұның бәрі өкіметтің қырғыз даласындағы әрбір қадамына аса зор күдікпен қарауға әкеліп соқтырған. Жаңа Ереже қырғыздардың ғасырлар бойы қалыптасқан салт – дәстүрін түбірімен жойып жіберетіні белгілі бола бастайды. Түтін салығының екі еседей өсуі жағдайды одан әрі ушықтырып жібергеніне куәлік береді автор.

Әскери ғалым өз еңбегінде Рукиннің іс – қимылына өте төмен баға береді: «Он думал, что только только суровая строгость да страх наказания одни могут держать в повиновении полудиких кочевников». Отрядтың маршруты, қарулану дәрежесі, солдаттардың сол заманғы озық үлгідегі таннер винтовкаларымен түгел қамтылғаны, Ұсақ құдығындағы ұрыс, көтерілісшілердің әуелі қару – жарак, азық – түлік тиеген түйелерді тартып алғаны, содан соң мінгі аттарын да есебін тауып айдап кеткені, отрядтағы қырғыздардың түгелдей қашып, руластарына қосылғаны, орыстарда тек Бәйменбет екі жігітімен және Косынка (тексте осылай. Авторлар.) деген қырғыз қалғаны шындыққа жақын суреттеледі. Рукин өлімін жазғанда: ол әуелі өзін – өзі атып жіберді, содан кейін Иса қылышпен шапты деп көрсетеді.

Оқырман байқап отырғанындай осы мақалада әртүрлі мамандық иелерінің – ғалымның, әскеридің, әуесқой тарихшының, саясаттанушының Маңғыстаудағы оқиғаға көзқарастары, олардың берген бағалары талқыланды. Олар әр таптың өкілдері еді, жас шамалары да әртүрлі, шығармаларын да әр кезеңде жазған. Бірақ бұлар өз тұсындағы озық ойлы азаматтар еді, бәрі бір ауыздан бұл оқиға жергілікті халықтың табиғатын түсінбегендіктен, олардың ұлттық салт – санасымен есептеспегендіктен, оларға астамшылықпен қараудан болды деп көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Газеты: «Биржевые новости», №167, 1870, «Биржевые новости», №2, 1873, «Военный сборник». Т 79, 1871, «Народная иллюстрация» №32, 1871, «Неделя» №39, №40, 1872.
2. Сборник сведений о Кавказских горцах. вып. VII. Тифлис, 1872.
3. Газета «Русская мысль», 1891.
4. Газета «Русская старина», июль, 1894.
5. Газета «Исторический Вестник», июль, 1900.

В статье приведена обширная историография по изучению восстания адаев в 1870 г. По новому интерпретируются источники по данной проблеме. Сделан вывод, что причиной восстания стало недопонимание, а в большинстве случаев отрицание самобытности и особенностей местного населения и их национального самосознания.